

Көшенің атын өзгерту туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы Оразақ ауыл аймағы әкімінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 ақпанда № 4632 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес және 2014 жылдың 19 желтоқсандағы Ақмола облыстық Ономастика комиссиясы отырысының қорытындысын есепке ала отырып, Оразақ ауыл аймағының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Оразақ ауылындағы Бейбітшілік көшесі Әбдуәли Тоқбаев көшесіне қайта а т а л с ы н .
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Оразақ ауыл аймағының әкімі: *Н.Қасымбеков*